

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**Хамит Айдар Дулатұлы**Aidar0487@yandex.kz, a.khamit@eljastary.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтану мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

2007 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштұғырлы тіл саясаты туралы кезеңдеп іске асыруды алғаш рет ұсынды. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» Қазақстан халқының тілдерін дамытуда көрсетілген үш негізгі мақсаттағы стратегиясының бірі – «Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту» өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілде оқытудың мақсат, міндеттерімен үйлесіп отыр. Сондай-ақ, 2020 жылы қазақ елі тұрғының 20% ағылшын тілін, ал 95% қазақ тілін білуі қажеттігін айтып өтті. Ал 2030 жылы мемлекеттік тілді білетін мектеп бітірушілердің саны 100% құрауы қажет деп мақсат қойылды [1]. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Халықтың мемлекеттік тілді игеруі» жөнінде жүргізілген жыл сайынғы зерттеудің қорытындысына сәйкес, 2017 жылы қазақстандықтардың 83,1% мемлекеттік тілді біледі, ал үш тілді игерген ересектердің үлесі - 22,3%. Сондай-ақ, мемлекеттік тілде жүргізілетін құжат айналымының үлесі - 92%, ал бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі - 72% құрайды деп есеп берді [2].

Қоғамның өтпелі кезеңінде жастар алдында әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім саласындағы және жалпы қоғамдағы өзгерістерге және реформаларға байланысты маңызды міндеттер тұр. Әсіресе, жастардың әлеуметтенуі, олардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік лифтердің қалыптасу контексіне байланысты Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жалпы ел дамуын анықтады. Оның ішіндегі тіл саясатының ерекше бір идеясы - қазақ әліппесінің латын графикасына өтуі дискурсының дамуы және 2025 жылға дейін толық енгізілуі көзделіп отыр [3]. Мемлекеттік тілдің жаңа міндеті - заманауи ақпарат тіліне айналу тіл саясатының институттық дамуын бірқалыпты, кезеңмен өтуді сақтап отырады. Бұл өзгерістер қазіргі жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымдарына қалай ықпал етеді, жалпы тіл саясатының өзгеруі мемлекеттік тілдің дамуына қандай тәуекелдіктер бар сияқты маңызды сұрақтар туындайды.

Қазақстан Республикасында 1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңына сәйкес қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде мемлекеттің барлық территориясында қоғамдық қарым-қатынастың барлық салаларында мемлекеттік басқару, заң, сот жүйесі және іс-қағаздар жүргізу тілі болып бекітілді. Мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінде қазақ тілімен қатар ресми орыс тіліне тең құқық берілген. Қазақстанда орыс тілі этносаралық қарым-қатынастарды өте үлкен роль атқарады, сондай-ақ бұрынғы Кеңес елдердің құрамында болған елдермен халықаралық байланыстарды орнатады. Дегенмен қоғамдық және әлеуметтік салалардағы зерттеулерге сәйкес орыс тілінің өрісі мен кеңістігінің сақталуы мойындалады [4, 77 б.].

Тілдер жөнінде ЮНЕСКО-ның халықаралық құқықтық құжаттарда мемлекеттік және ресми тіл ұғымдары ажыратылуы 1956 жылы ұсынылған [16, 45 б.]. Әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік және ресми тіл заң бойынша титулдық тіл атқарады (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Германия, Жапония, Қытай, Ресей). Кейбір елдерде екі, үш немесе одан да көп ресми тілдер мойындалып, тілдерге арнайы мәртебе берілген (Швейцария, Бельгия, Финляндия, Люксембург).

Мәселен, Канадада 1867 жылдан бері ағылшын және француз ресми тілдер ретінде қостілді болып арнайы заңмен бекітілді. Бірақ ағылшын тілі ең таралған және басымдыққа ие болса, француз тілі қоғамдағы өзінің кеңістігін кеңейтуге күресіп жүрген жағдайда қалыптасты. XX ғасырдың аяғында қостілді ағылшындар - 9%, ал француздардың - 41% құрады. Көптеген канадалықтар әлі күнге дейін монотілді, ал француздарға екі тілді меңгеруге тура келеді [5, 110 б.]. Дегенмен, Канададағы этникалық шиеленістерді реттеуіне реформалардың тең құқықтық позицияның бағытталуы қалыптасқан жағдайды шешуге сәтсіздікке ұшырады. Бұл үрдісті канадалық партикуляризм атауымен белгілі болғанымен, мультикультурализм концепциясы тек этникалық дағдарыстарды шешуге ғана бағытталған [6, 245 б.].

Еуропа елдеріндегі Швейцарияда кантондарға (аймақтарға) бөлінген төрт ұлттық тіл, яғни неміс (65%), француз (18%), итальян (10%), ретороман (romansch) (1%) тілдер мойындалған. Ата заңына сәйкес әрбір кантон азаматы сол тұратын кантонның тілін білу міндетті. Егер кантонда ресми бір тіл болса, көп жағдайда жергілікті басқару жүйесінде бір тіл қолданылып, халыққа қызмет көрсету де сол тілде жүргізіліп отырады. Кантон дейгейінде тілдік территориалдық принцип болса, ал федералдық деңгейде тілдік дербестік принципі сақталады. Бұл жалпы Швейцариядағы этникалық қарым-қатынастардың мінсіз екеніне күмән келтіреді. Өйткені сан жағынан аздау французтілділер неміс тілін меңгеруге асығар емес, ал немістілді швейцарлықтар француз тілін асыға меңгеріп, басым бөлігі билингвті болып келеді [7, 157 б.].

Көптеген посткеңестік елдерде ұлттық сана және этникалық бірегейлік, сондай-ақ ана тілдердің даму үрдісі байқалады. Осыған байланысты халықтардың ұлттық, тілдік ерекшеліктер мәселелері көтеріліп жатыр. Қазақстанның даму кезеңінде әртүрлі этностардың өзіндік ерекшеліктерін сақтап дамыту белсенділігі көрініс табууда, ал мемлекеттік тілдің дамуы көпэтносты Қазақстанның стратегиялық маңызды ұлтқұраушы халықтың біріктірушілік, консолидациялық факторына айналды. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясаты елімізде тұратын барлық этностардың сақталуына кепіл беретін және ұлттық бірлікті бекітетін маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің жалпы қызмет етуіне бағытталған [8].

Егеменді елдің ұлттық сана мен ұлттық бірегейлік арқылы тіл мәселесін зерттеп жүргендер арасында отандық пен шетелдік ғалымдар бар. Қазақстандықтардың ұлттық санасының өзгеруіне қатысты теориялық және эмпирикалық бағытта Нысанбаев А.Н., Әбдина А.К., Қадыржанова Р., Забиров А.Т., Ахметова С.С., Рақышева Б.И., Шаукенова З.Қ., Алтынбеков О.Б., Бокаев Б.Н., Алдашева Г.Б., Баяндина С.Ж., Абиляева К.М., Валитова З.Ж. және басқалар зерттеді. Шетелдік ғалымдардан Dave B., Faranda R., David B. Nolle, R. Brubaker, O. Beachain D., Kevlihan R., Doganaksoy P., Cummings S.N., Spehr S., Davenel Y.M., Fishman J.A., Fierman W. еңбектері де бұл тақырыпқа байланысты.

Елдегі қостілділік жағдайды қарастырып, көптілділік феномен мәселесі Сүлейменова Э.Д., Копыленко М.М., Ахметжанова З.К., Байболсынова С.Е., Исаев М.К., Хасанұлы Б., Ғабдуллина Г.А., Амалбекова М.Б., Саурбаев Р.Ж., Текжанов К.М., Омаров Н.Р. және басқалардың еңбектерінде қарастырылған. Отандық тіл біліміне байланысты лингвистер, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, журналистер және басқа да тіл мамандары жіті бақылауында.

Қоғамдағы өмір сүріп жатқан тілдердің беделін бағалауда диглоссиялық қостілділік және диглоссиялық емес қостілділік ерекшелігінен біздің жағдайымызда айқын көрінеді. Бастапқыда екі тілдің шекаралық қызметтері мен мүмкіндіктерін салыстырғанда орыс тілінің

басымдығы айқын. Бірақ бұл жағдай тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына тән болған. Қазір басқа тілдік ахуалын байқауға болады. КСРО-ның ыдырау нәтижесінде тәуелсіз елдердің пайда болуы, қазіргі ақпараттық технологиялардың серпінді дамуы, жалпы жаһандану процесіне тартуға бағытталған әлемдік қауымдастықпен қарым-қатынастағы инновациялық мүмкіндіктерді пайдалану сияқты әртүрлі сыртқы факторлар әлеуметтік қарым-қатынас кеңістігіндегі орыс тілінің пайдалану ауқымын өзгертуге ықпал етті.

Қазақстанның тілдік жағдайдың қалыптасуына тарихи, әлеуметтік-этнодемографиялық процестер әсер етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары славян-неміс этностардың тарихи Отанына кетуі жиілеп, елге керісінше Қытай, Өзбекстан, Ресей, Моңғолия, Түркіменстан, Ауғанстан, Иран және басқа елдердегі ирредента мен диаспоралар құрайтын этникалық қазақтардың («оралман») келуі жалғасын тапты. Сондай-ақ, елдегі өзге этностарға қарағанда, қазақтардың туу деңгейі жоғары болды [15]. Осы процестердің салдарынан 90-шы жылдардың аяғында қазақ халқының саны 53,4% жетсе, 2016 жылы 66,48% құрады [9,10].

Қоғамдағы этнодемографиялық өзгерістер мен жаңа құндылықтарға бағытталған жас буынның тілдік жағдайдың қалыптасуына ықпал етті. Мемлекеттік тіл саясаты қазақ тілінің әлеуметтік қызметі мен әлеуметтік коммуникативтік рөлді дамыту арқылы жалпы қолданыс аясын кеңейтуге бағытталды. Тіл дамыту бағдарламалары қазақ тілінің тек тұрмыста ғана емес, сондай-ақ бизнес кеңістігінде, қаржы, білім беру және ғылым, т.б. салаларда кең пайдалану беделін өсіруді көздеді. Мемлекеттік тілдің бұқаралық ақпарат құралдары және Интернет кеңістігінде белсенді қызметін жасай бастады. Қазақ тілінің дамуы қоғамның барлық салаларында маңыздылығы артты.

Жылдан жылға білім беру жүйесінде қазақ тілінің кеңеюі анық байқалады. Жалпы қазақтілді бала-бақшалардың саны 2000-2011 жылдарды салыстырғанда 25%-дан 68%-ға өскен. Орта және жоғары білім беру жүйесінде де осыған ұқсас жағдай қалыптасты. 1999-2009 жылдары қазақ мектептерінде оқитын балалардың үлесі 50,6%-дан 60,6%-ға өсті. Ал жоғары оқу орындарында қазақ тілі бөлімінде оқитын студент-жастардың өсу динамикасы да байқалады (2000 ж.-32%, 2009 ж.-47,6%, 2011 ж.-54,4%) [11, 5-6 б.].

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасу идеясы қоғамдық сана және өзімен-өзі даму факторына айналды. Қазақ жастарының тілдік саясатқа қатысты әлеуметтік сенімі төмендеді, бұл сенімдердің ақиқаттығы мен қаншалықты деңгейде орындалуына қарамастан, уақыт өткен сайын ол күшейе түседі [12]. Мемлекеттік тілдің дамуы этносаралық қарым-қатынастардың жанжалды жағдайларды тудыруы мүмкіндігін болжауға болады. 2018 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі аспектілері» атты әлеуметтанулық зерттеуге сәйкес, әлемдік оқулықтарды қазақ тіліне аудару бастамасы қазақ тілін білетін 21,8% жастар үшін «маңызды емес» [17, 55 б.]. Мемлекеттік тіл саясатының мақсаты мен оның қазіргі қол жеткізген жетістікке сәйкес келмеуінде қазақтілді жастардың наразылығын тудыруы мүмкін. Бұл тәуелсіздік жылдары туып, қазақ мектебінде оқып, жоғары оқуын қазақ тілі бөлімдерінде жалғастырып жатқан қазақтілді жастар. Жастардың тіл саласындағы әлеуметтік күтулер өте жоғары және бұл олардан тиісті әрекеттерді талап етеді. Сонымен қатар, тілдік мәселеде қазіргі жастар үлкен аға-буыннан белсенділігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты қазіргі тілдік жағдайда жастардың үміттерін қанағаттандыруға мүмкіндігі белгісіз болғанымен, бұл мәселенің бүгінгі күні бар екенін және жылдан жылға артуы – әлеуметтік шындық. Сондықтан қоғамдағы ұрпақаралық сабақтастықтағы тілдік ұстанымдардың ерекшелігіне байланысты қысқа және ұзақ мерзімдегі мемлекеттік тілдің дамуы әлеуметтік, тіларалық және ұлтаралық шиеленісті туғызуына себепкер болуы ықтимал.

Қоғамдағы тіл ахуалының өзектілігі экономикалық, демографиялық, саяси, әлеуметтік-мәдени, рухани, діни-этникалық және т.б. факторлармен айқындалады. Оның ішінде жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымдары әлеуметтанулық талдаудың пәні ретінде әлеуметтік кеңістік, әлеуметтік теңсіздік, постиндустриялық, постколониялық және

деколониализм, этникалық, этнодемографиялық пен ұлт, ұлт-құрылыс, мемлекет, әлеуметтік бірегейлік, әлеуметтік мәртебе, әлеуметтік-мәдени капитал, феноменологиялық қарама-қайшылықтар, діни-рухани, конфликтология теориялық концепциялар тұрғысынан, жастар арасындағы тілдік процестер жастар тілі, жастар субмәдениеттері қоғамдағы өзгерістер аясында әлеуметтік процесстер, әлеуметтік құрылымдық-жүйелік әдіснамалық тұрғысынан, қазіргі қоғамдағы мемлекеттік тіл саясатын әлеуметтік институт ретінде, Қазақстан халқының рухани мәдениет және этникалық сананың қалыптастыруды институттық бағытта кешенді қарастыру қажет.

Мемлекеттік тілге қатысты әлеуметтік күтулер жоғары болғанымен, заманауи нарықтық жағдайда қоғамдағы көптеген салаларда үміт ақталмай келеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде тарихи-мәдени жағдайға байланысты көркем әдебиет, публицистика, шығармашылық, ауызекі тіл деңгейде қалыптасып, өзге салаларда даму үстінде. Алайда, 2002-2007 жылдардағы жүргізілген зерттеулерге сәйкес, жалпы өндірістік саладағы қазақ тілінің пайдалануы 11,3% азайды, ал орыс тілі 2,6 % және қостілде 7,7% пайдалануы өсті. Қазақ тілінің нарықтық белсенділігі төмен, ол кәсіби білім берудің таралуы және сапасымен байланысты. Мәселен, кәсіби білім беру жүйесіндегі қазақ тіліндегі оқу-бағдарламалар мен оқулықтардың сапасыздығы, кәсіби орыс тілінің сұранысын сақтайды. Аталмыш үрдіс тікелей домино принциптегі қоғамдық өмірдегі байланысты салалардың таралуын камтамасыз етеді. Сондықтан орыс тілінің әлеуметтік-экономикалық кәсіби тұрғысынан үстемдігі сақталуда.

Әлемдегі жаһандану үдерістері елдегі қалыптасқан қостілді дәстүрлерді өзгертуге бағытталып, жастардың үштілділік немесе көптілділік ұстанымын дамыта түседі. Бүгінгі мемлекеттік тілдік саясаты қазақ-орыс қостілділігінің үйлесімділігінен қалыптасады. Ал ағылшын тілін пайдалану - жаңа технологиялар мен ақпараттарды меңгеру қажеттілігінен туындайтын уақыт талабы. Үштілділік жағдайында ағылшын тілі біртіндеп орыс тіліне тиесілі, әсіресе, ғылым мен техника салалары кеңістігін алып келеді, яғни жасанды түрде оның ролін арттырып, жастар алдында жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар туғызатыны сөзсіз. Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі оқу құралдарының әдіснамалық бейімделуі мен сапасы маңызды, себебі бұл мәселе қоғамды модернизациялау жолында жастардың әлеуметтік-тілдік ұстанымдарының болашақта қандай сипатқа ие болатынымен тығыз байланысты.

Белсенді мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жағдайында қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қалыптасуы заңдылық және бұл өзгерістердің әлеуметтанулық аспектісінде зерттеуді талап етеді. Қалыптасқан жағдайда өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, қалалық мәдениет пен ауыл жағдайы тұрғысынан жаңа технологиялық процестердің тілі ретінде қоғамдағы тілдік әлеуметтік-экономикалық шектелу тәуекелдерін ескерген жөн.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан;
2. «Қазақстанда қанша адам қазақ тілін біледі» мақаласы https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-kansha-adam-kazak-tln-bled-287876/;
3. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы Қазақстан Республикасы Президенті Назарбаев Н.Ә., 2017 ж.;
4. К проблеме двуязычия и полиязычия. Лингвистическая ситуация в России и Казахстане (на примере отдельных регионов): монография / [Р. Ж. Саурбаев и др.; М-во образования и науки РК; Павлодарский гос. пед. ин-т] - Павлодар, 2016;
5. Schmid C. L. The Politics of Language. Conflict, Identity, and Cultural Pluralism in Comparative Perspective. Oxford University Press. 2001. P. 110;
6. Bourhis R., Marshall D. The United States and Canada. /Handbook of Language and Ethnic Identity. Ed. J. A. Fishman. Oxford University Press. 2001. P. 245;

7. Barbour S. Germany, Austria, Switzerland, Luxembourg: The Total Coincidence of Nations and Speech Communities? /Language and Nationalism in Europe. Ed. S. Barbour and C. Carmichael. Oxford University Press. 2002. P. 157;
8. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар;
9. <https://e-history.kz/ru/contents/view/386>;
10. Қазақстан Республикасы ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері stat.gov.kz;
11. Сводный аналитический доклад по итогам социологических и аналитических исследований по вопросам языковой политики в Республике Казахстан; [под общ. науч. рук., ред. Г. Т. Телебаева]; Ком. развития языков и обществ.-полит. работы МКС РК; Обществ. фонд "Астана-Зерттеу" - Астана: Елорда, 2014;
12. Тимур Козырев, в.н.с. КИСИ при Президенте РК. Языковой вопрос и гражданская идентичность казахстанцев, <http://old.abai.kz/node/5117>;
13. Англо-французское двуязычие в современной Канаде//В.С. Ахонина (Полностью опубликовано в журнале "США-Канада. Экономика-политика-культура", 2002, № 11, с.111-120 ссылка на статью <http://www.demoscope.ru/weekly/2003/099/analit05.php>;
14. Языковая политика Канады: этапы становления и современное состояние//О. А. Смирнова. 17.04.2009. ссылка на статью <http://www.idmedina.ru/books/islamic/?1256>;
15. Плюрицентризм языка в исследовательской модели: монография; [под ред. Д.Д. Шайбаковой; авт. колл.: Д.Д. Шайбакова, Н.В. Дмитриук, А.А. Джундубаева]; Казахский нац. пед. ун-т им. Абая - Алматы: Ұлағат, 2016;
16. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография/О.Б. Алтынбекова, - Алматы: Экономика, 2006;
17. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі аспектілері» / – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018.